

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

1. XII таблиц // Черниловский З.М. Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. М.: Юридическая литература, 1996. 509 с.
2. Институты Гая // Черниловский З.М. Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. М.: Юридическая литература, 1996. 509 с.
3. Хвостов В.М. Система римского права. Учебник. М.: Спарк, 1996. 522 с.
4. Омельченко О.А. Римское право: Учебник. Издание второе, исправленное и дополненное. М.: ТОН – Остожье, 2000. 562 с.

УДК 342

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САУДА ҰЙЫМЫНА КІРУІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ САЛДАРЛАРЫ

Жугралин Серік

Nadzhih1@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 2-курс студенті,

Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Ибрагимов Ж.И.

Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) мүше болды. 2015 жылдың маусым айында ұйымның 161 елі Қазақстанды өз қатарына ресми түрде қабылдады. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болу біздің экономикамызды жаңа көкжиектерге бастайды. Кәсіпорындарымыздың шетел нарықтарына шығуын қамтамасыз етеді. Ал тұтынушылар үшін тауарлар мен қызметтердің кең ауқымына таңдау жасауға жол ашады», - деді [1,5].

Қазақстанның ДСҰ-ға кіру үдерісі барлығымыз білетіндей 1996 жылы 26 қаңтарда ДСҰ-ның Секретариатына ресми өтініші жіберілген уақытта басталды. 1996 жылдың ақпанында Қазақстанға – ДСҰ-ң бақылаушы ел статусы берілді. Қазақстанның ДСҰ-ға кірудегі келіссөз үдерісі шартты түрде үш кезеңге бөлінеді:

- 1996-2000 жж. ақпараттық-дайындық кезең болды. Осы мерзім аралығында жұмыс тобының үш мәжілісі және екіжақты келіссөздердің екі раунды өтті.
- 2001-2003 жж. басты кезең деуге болады. Осы мерзім аралығында жұмыс тобының үш мәжілісі және екіжақты келіссөздердің жеті раунды өтті. 2003 жылы Қазақстан ДСҰ-на кіру үдерісінің ақпараттық мерзімін аяқтап, ДСҰ-на мүшеліліктің шарттарын анықтайтын ұйымға мүше елдердің жұмыс тобымен жүзеге асатын келіссөз үдерісінің активті фазасына өтті.
- 2004-қазіргі уақытқа дейін аяқтаушы кезең деп санауға болады. Бұл кезең оперативті түрде келіссөздердің алға басын қамтамасыз ететін шараларды қолдану, бастысы Қазақстанның біржақты жол беру салдары. Бірақ, келіссөз үдерісінің алға басу шараларына сәйкес, кез-келген шешімдер мен жол берулер Қазақстан үшін елеулі болып табылады.

Қазіргі таңда елде ДСҰ-ң ережелеріне сәйкес заң шығарушы база өзгертіліп, бірқатар жұмыстар жүргізілді, өндірістік және ауыл шаруашылықтық тауарларға импорттың тарифтері азайды.

Сонымен, ДСҰ қазақ экономикасына не береді? Ұтарымыз һәм ұтылар тұсымыз қайсы? Қазақстан ДСҰ талаптарына дайын ба? деген сұрақтар күн алдымызда тұр. Соңғы жылдары халық арасында алдағы уақытта еліміз Дүниежүзілік Сауда Ұйымына мүше болу-болмауы жайындағы әңгімелер желдей есе бастағаны рас. Бұған әр мекеме басшысы мен кәсіпорын жетекшілері, тіпті, демократия бетбұрған Қазақ елінің әрбір азаматы өзіндік пікірін білдіріп, ойын ашық жеткізуде. Алайда, бірнеше жылдан бері Қазақ билігі ДСҰ-ға кірудің ұңғыл-шұңғылын зерттеп-зерделеуді жүргізіп келе жатқаны жасырын емес. Өйткені, қанатының

астына әлемнің 150-ден астам елін алған аталмыш Ұйымға мүшелікке қабылдану аса сақтықты, мұқият дайындықты талап ететіні сөзсіз. Соңғы жылдары дамыған елдер арасында өндіріс және маркетинг саласындағы бәсеке арта түсті. Әлемдік нарықтан әркім өзінше орын табуға тырысуда. Сол үшін көптеген мемлекеттер өз аймақтарында ұйымдарға бірігіп, ортақ мүдделерге жетуге күш жұмылдыруда. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев аймақтық және глобалдық сауда экономикалық саясатты қолдайтынын айқындатқан болатын. Сол сияқты 2004 жылы сәуір айында өткен Шанхай қаласындағы Азия мен Тынық мұхит (Эскато) елдері үшін БҰҰ-ның жасаған экономикалық және әлеуметтік 60-шы сессиясында еліміздің Сыртқы істер министрі Қасым Жомарт Тоқаев осы ұстанымды қолдайтынын да айтып кеткен.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіругегі басты мақсаты елдің әлемдік экономикаға интеграция үдерісін кеңейту және күшейту болып табылады. Бұл мақсаттарға:

- өнеркәсіптік және ауылшаруашылық тауарларының саудасында тарифтік және тарифтік емес кедергілерді төмендету;
- сауда таластарын тиімді түрде жанжақты реттейтін механизм орнату;
- ДСҰ-ға мүше елдердің ұлттық сауда саясатының мониторингін жүзеге асыру;
- қазақстандық тауарлар мен қызметтердің экспорты үшін әлемдік нарыққа жол ашу;
- халықаралық нормалар мен стандарттарға елдің сауда заңнамаларын сәйкестендіру;
- елде сауда-инвестициялық орта құру;
- кезеңдік жан-жақты сауда келіссөздерін жүргізу үшін «келіссөз алаңы» функциясымен қамтамасыз ету жатады.

Міне, араға 19 жыл салып, яғни, 2015 жылы 22 маусымда Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруге қатысты құжаттарға қол қою шаралары аяқталды. Бұл оқиға – біз үшін тарихи маңызды қадам. Қазақстан ДСҰ-ның 162-ші мүшесі болды. Бұған дейін Қазақстанға ұйымның бақылаушысы статусы берілген еді. Бұл 1996 жылдың ақпаны болатын. Әлемдік сауданың 98 пайызы осы мемлекеттердің үлесінде. Егер еліміз туралы айтатын болсақ, 2014 жылдың соңғы деректері бойынша, біздің сыртқы сауда айналымымыз 119,4 млрд долларды. Осы сауданың ең ірі үлесі ДСҰ-ға мүше мемлекеттерге тиесілі. Сыртқы сауданың 40 пайыз үлесін Еуроодақ елдері алып отыр. Одан кейін Ресей – 19, Қытай – 18, Швейцария – 5, Түркия 3 пайыз болып келеді. Сол себептен бізге сыртқы сауда айналымында әріптес болып жүрген мемлекеттердің барлығы ДСҰ мүшелері болып саналады. ДСҰ-ға өту деген – тек қана сыртқы сауда саясатын ғана емес, өзінің экономикалық, ауылшаруашылығы, өнеркәсіп саласындағы саясаттарын осы ДСҰ ережелері мен құқықтық базасына сай жүргізу деген сөз. Ол біздің елге келетін тікелей шетелдік инвестицияның көлемін арттыруға тікелей септігін тигізеді. Еліміз тәуелсіздік алған бастапқы жылдарда басқа елдермен екі жақты сауда және инвестициялық келісімдерге қол қойған болатын. Сол келісімдердің арқасында бүгінгі күні экономикамызға 200 млрд. долларды құрайтын тікелей шетелдік инвестициялары келген. Бұл экономиканың өркендеуіне тікелей әсер еткен.

«Біздің экономиканың әртараптандырылуына да мүмкіндік беретін жағдай. Яғни, шикізаттық экономикадан инновациялық, технологиясы жоғары дамыған мемлекетке айналу кезінде бұл бізге беріліп отырған үлкен мүмкіндік. Сол үшін де біздің кәсіпорындар өнімдерін неғұрлым инновациялық бағытта дамытуға баса назар аударуы керек» деп белгілі экономист Бауыржан Ысқақов осылай ойын білдірді [2].

Шындығында да ДСҰ-ға мүше болу – Қазақстанның жеңісі. Бұл – еліміздің жаһандық экономиканың бөлінбес бөлшегі ретінде мойындалуы. Біз Дүниежүзілік сауда ұйымы мен Еуразиялық экономикалық одақтың талаптарын ұштастыра алдық. Одан бұрын ұлттық

мүдделерімізді қорғай білдік. Ал жаңа экономикалық интеграцияның игілігін көрер күн алда.

Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіміз - заңдылық. Себебі бар әлем бір шеңберде жүргенде біздің одан сырт қалуымыз дұрыс болмас еді. Бөркімізді аспанға атып қуануға да бола қоймас. Себебі ДСҰ біздің еліміз үшін үлкен сынақ болайын деп тұр. Бұл жағдайға ауыл шаруашылығы дайын емес. Өйткені өнімдеріміз әлі бәсекеге қабілетсіз. Сондықтан бірінші кезекте біз өзіміздің ауыл шаруашылығымызға қазірден бастап қолдау көрсетіп, шикізат өнімдерін өңдейтін, бәсекеге қабілетті тауар шығаратын кәсіпорындарды құрып, сол арқылы дайындығымызды жақсартуымыз керек. Өзімізден шығарылатын тауарлардың сапасын және өнімдердің талапқа сай, бәсекеге қабілеттілігі деңгейін қарастырып алғанымыз дұрыс. Өйткені ертең көптеген кәсіпорындарымыз, өнім өңдейтін фирмаларымыз банкрот болып қалуы мүмкін. Әлемдік ұйымға кірген соң, тек өз кәсіпкерлерімізге ғана қолдау көрсету керек деген түсінік жойылады да, сол ұйым аясындағы барлық елдердің кәсіпкерлеріне бірдей несие беретін болып қаламыз. Яғни, өз кәсіпкерлерімізді ғана қолдап, өзгелерді алалау деген ұғым болмайды.

Көршілес жатқан Қырғыз Республикасы 1998 жылдың өзінде-ақ ұйым мүшесі боп шыға келді. «Шақырған жерден қалма, шақырмаған жерге барма» деген бабаларымыздың өсиетін өзгенің ұрпағы қағып алған сияқты. «Ерте туып, кеш қалатын» біз ғана. «Қысыла-қысыла қыз болдық» дегендей, жалтақтауды қоятын мезгіл жеткен жоқ па екен осы?! Біз тек қана Қазақстан шеңберінде жүрміз. Енді өнімдеріміз стандарт, техникалық ережелерге сәйкес келетін болса, онда Эмиратқа, мейлі Қытайға барып сатыңыз, еш жерде қысым болмайды. Себебі алдымен пайдасын көретін – тұтынушы, яғни қарапайым халық деп ойлаймын. Кедендік одақтың өзінен кәсіпкерлеріміз бәсекелестікке шыдай алмай отыр, ДСҰ-ға кірсек, тіпті тосырқап қалады деп қауіптенудің қажеті жоқ. Керісінше, біздің кәсіпкерлерімізге қатандау бәсекелестік орта керек болып тұрған секілді. Былайша айтқанда, шапалақтың қаттырақ тигені жақсы, нәтиже береді. Ауыл шаруашылығы саласы дамып, отандық өнімдер халықаралық талаптарға сай өндіріледі. Сауда-саттық өркендейді. Сапалы тауарлар пайдаланамыз. Еліміздің экономикасы дамиды деп ойлаймын.

Еске сала кетсем, Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына кіргеннен кейін мемлекеттің агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауды 8,5 пайызға жеткізу құқығын қорғап шыққан болатын. Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілдері республиканың ұйымға мүше болып кіру жөніндегі келіссөз шеңберінде ауыл шаруашылығына мемлекет тарапынан қолдау көрсетілу құқығын қорғап шыққанын айтты. Әлемнің ірі экономикасының бәрі халықаралық нормаларға сай келетін саясат жүргізіп отырған Қазақстанды қолайлы инвестициялық қалпы бар ел ретінде бағалады.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі жұмыс тобының төрағасы, Финляндияның елшісі Веса Химанен келіссөздер үдерісі барысында Қазақстан 50-ден аса жаңа заң қабылдап, 10 халықаралық келісімге түзету енгізгенін, олар Кедендік одақ пен Еуразиялық экономикалық одақ аясында қабылданғанын атап өтті. «Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен және Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақ бойынша серіктестерімен тығыз байланыста жүргізілген заңнамалық бағыттағы прогресс біздің жұмысымызды соңғы жылы едәуір жеделдетуге мүмкіндік берді. Қазақстанның құжаттар топтамасы – бұл нарықтарға қол жеткізу мүмкіндіктерін жетілдіру ісіне қомақты үлес қосатын, сауданың көпжақты жүйесін жаңғыртатын және ДСҰ-ны нығайтатын жоғары сапалы құжаттар», – деді В.Химанен[3,3].

Дүниежүзілік сауда ұйымының бас директоры Роберто Азеведо еліміздің ұйымға кіру үдерісі барысындағы Қазақстан Президентінің көшбасшылығына жоғары баға берді. «Бұл – Қазақстан үшін де, ДСҰ үшін де шынымен тарихи күн. Ұйымға кірудің артықшылықтары – жаңа жұмыс орындарын ашу, халықтың табысын арттыру, тұрмыс деңгейін жақсарту. Қазақстан үшін бұл соңғы жылдары қол жеткізген жетістіктері мен жұмсаған күш-жігерлерінің мойындалуы. Бұл – реформалардың кешенді бағдарламасының қисынды нәтижесі. Бұл күн ДСҰ үшін де айшықты болып табылады. Қазақстанның қосылуы біздің

пікірталастарымызға қуатты әрі беделді үн қосады, Ұйымды Орталық Азияның жүрегіне жақындатады» – деп атап өтті Р.Азеведо [3,4].

ДСҰ-ның пайдасы болмаса, біз жиырма жылға жуық уақыт осы ұйымға ену үшін неге күні-түні жұмыс істедік? Ақиқатын айту керек, бұл жерде Экономикалық интеграция істері министрі Жанар Айтжанованың еңбегі ұшан-теңіз. ДСҰ-ға жүзден аса мемлекет мүше болса, әр тауар жөнінде солардың әрқайсысымен келіссөз жүргізу әсте оңай шаруа емес. Біздің кейбір көршілеріміз ұйымның ереже-шартына «мақұл» деп бас иіп, шұғыл түрде кіріп кеткенімен артынан қиналғанын көз көрді. Ал біздің ел болса бұған үлкен дайындықпен, алды-артымызды елеп-екшеп еніп отырмыз. Соған қарағанда, біз жаман болмайтын сияқтымыз. Әрине, заман көші бір орнында тұрмайды. Біз есік-тереземізді бітеп алып, тас қараңғы қапаста өмір сүре алмаймыз ғой. Ел болған соң алыс-беріс, барыс-келіс болуы маңызды. Анығында, біз өзіміздің өндірісшілеріміз үшін осындай игі қадамға барып отырмыз. Біреу білер, біреу білмес, осы ұйымға мүше елдер ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне мемлекет тарапынан 2 пайыз деңгейінде қолдау көрсетеді. Ал біз ДСҰ шеңберінде 8,5 пайыз мөлшерінде қолдау көрсетуге мүмкіндік алып отырмыз. Мұның өзі үлкен жеңіс емес пе? Күні ертең әлемнің түкпір-түкпірінен сан алуан тауар келеді. Бразилиядейсізбе, Аргентинадейсізбе, Жаңа Зеландия... бәрінентауарағылады. Алтауаркөпболғанжердебәсекебіргежүреді. Бәсеке бар жерде тауар арзандайды. Демек, тұтынушыға таңдау құқығы молынан туады. Біздің еліміз бұған дейін Кеден одағы елдерімен бәсеке базарына түссе, енді әлемдік деңгейдегі бәсекеге мойын бұрды. Әрине, бастапқы төрт-бес жыл кәсіпкерлерге оңай болмайды. Қиналады. Әйтсе де, интеграция дегеніңіз жақсы емес пе? Кәсіпкерлеріміз ысылады. Көп нәрсе үйренеді. Сөйтіп, біз әлемдік даму баспалдағына ілігеміз. Елімізге жаңа технология, капитал, кредит келеді. Біріккен кәсіпорындар құрылып жатса, қосымша жұмыс орны ашылады. Бұл еліміздің, жеріміздің дамуына тың серпін береді. Босқа уақыт өткізетін маз-мейрам заман өтті. Бұдан былай білім, біліктілік, парасат-пайым алдыңғы шепке шығады. Біз соған сай болуға еңбектенгеніміз абзалдеп ойлаймын.

«ДСҰ-ға өту деген - тек қана сыртқы сауда саясатын ғана емес, өзінің экономикалық, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп саласындағы саясаттарын осы ДСҰ ережелері мен құқықтық базасына сай жүргізу деген сөз. Ол біздің елге келетін тікелей шетелдік инвестицияның көлемін арттыруға тікелей септігін тигізеді. Біз тәуелсіздік алған бастапқы жылдарда басқа елдермен екі жақты сауда және инвестициялық келісімдерге қол қойған болатынбыз. Сол келісімдердің арқасында бүгінгі күні Қазақстан экономикасына 200 млрд. долларды құрайтын тікелей шетелдік инвестициялары келді. Ол біздің экономикамыздың өркендеуіне тікелей әсер етті. Экономикамыздың қазіргі дамуы кезеңінде біздің ең үлкен мақсат - оны әртараптандыру. Біздің экспортымыздың 80 пайызы шикізаттың еншісінде. Сондықтан біз қазіргі заманғы инвестициялық және сауда келісімдерін жасап жатырмыз», - деп түсіндіреді Экономикалық интеграция істері министрі Жанар Айтжанова [4,2].

Дамыған елдердің бастамасымен құрылған аталған ұйым халықаралық саудада экономикалық өсім мен адамдардың тұрмыс тіршілігін көтеруге ықпал етеді деп есептеледі. Бүгінгі таңда әлемдік сауда жүйесі негізгі бес ұстанымға сәйкес келуі тиіс:

- Саудада еш кемсітушіліктің болмау шарты, яғни бірде-бір мемлекет қайсыбір мемлекетке экспорт пен импортқа шектеушілік қоюға құқығы болмайды;
- Сауда кедергілерін азайту, немесе қайсыбір елдің нарығына шетелдік тауарлардың келуіне кедергі келтіретін факторларды жою, оларға бірінші кезекте кедендік алымдар мен импорттық квоталар жатады, басқаша айтқанда импортқа қойылатын көлемдік шектеулер;
- Тұрақтылық пен сауда шартының алдын-ала болжамдылығы, бұл шетелдік компаниялар, инвесторлар мен үкіметтер қолданыстағы сауда шарттарының кенеттен және бір тараптың еркімен өзгерілмейтініне кепілдік береді;

— Халықаралық саудадағы бәсекелестікті ынталандыру, яғни түрлі елдер фирмаларының тең құқықты бәсекелестігі үшін «әділетсіз» тәсілдерді жою, оған экспорттық субсидиялар (экспортшы-фирмаларға мемлекет демеушілігі), жаңа сату нарықтарын иелену мақсатында демпингтік бағаларды пайдалану;

— Жоғары дамымаған мемлекеттер үшін халықаралық саудада жеңілдіктер жасау. Нақ осы бап жоғарыда көрсетілген ұстанымдарға кереғар келеді, алайда ол әлемдік шаруашылыққа осал дамыған елдерді тарту үшін қажет болды. Бұл елдер алғашқы кезеңде дамыған мемлекеттермен бәсекелесе алмайтыны айдан анық, сондықтан да нашар дамыған елдерге ерекше жеңілдіктер қарастыру «әділетті» болар деп есептеледі.

Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кірудегі жағымды жақтарын айтатын болсам:

1) Қазақстанның жер қойнауындағы және табиғи ресурстарды әлемдік экспорттаудың арқасында, ДСҰ-да ұйым мүшелері арасында сауданы дискриминацияланбаған түрде жүргізу Қазақстан үшін маңызды болып табылады;

2) Нарық ассортиментіндегі тиімдірек бәсекестіктің, тауарлар мен қызметтердің сапасының және олардың бағасының төмендеуі нәтижесінде қазақстандық тұтынушылар ұту керек. Бағаның төмендеуі тек дайын импорттық тауарлар мен қызметтерге ғана емес, сонымен қатар импорттық компоненттерден тұратын отандық өнімдерге де әсер етеді. Төлемаралық сұраныстың жоғарылуы өнімнің өсуіне де, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуда да көрінетін болады;

3) Өндірушілер үшін потенциалды пайда әлемдік тауарлар, қызметтер, капиталдар, халықаралық құқықтар нарығына қол жетімді болуы осы нарықтағы ұлттық экономикалық қызығушылықтарды қорғау байланысты. Сауданың тұрақты режимін орнату нәтижесінде коммерциялық қауіптер төмендейді, ДСҰ-на мүше елдер шекарасы бойынша сауданың транзитті еркіндігі нәтижесінде транспорттық шығындар азаяды;

4) Ұлттық заңнамалардың (салық төлеу, кедендік реттеу, стандартизация және сертификация, қызмет сферасын реттеу, бәсекелестік саясат, жеке басты қорғаудың) ДСҰ-ң нормаларымен, ережелерімен сәйкестендіру бәсекеге қабілетті экономикалы ел болуға мүмкіндік береді;

5) ДСҰ-на кіру барысында инвестицияның перспективасы жақсарады. Шетел инвестицияларының құйылуы мына факторларға: елдің имиджінің жақсаруы, Қазақстан экономикасының ашықтығы, заң шығарушы базаның жақсаруы, шетелдік қаржы институттарының ішкі нарыққа енуінің жеңілдеуі, қор нарығының дамуына әкеледі. Инвестицияның үздіксіз құйалап отыруы, Отандық өндірістің дамуына әкеледі, өндірістің жаңаруына және елдің экономикалық өсуіне әкеледі, өнеркәсіптік өндірістің жандануына, экспорттың өсуіне, жаңа технологияларды татуға және жұмыс орындарының өсуіне әкеледі.

6) Технологияның, тауарлар мен қызметтердің және инвестицияның ішкі нарықта кеңеюі ұлттық өнімнің сапасын және бәсекеге қабілеттігін арттырады;

7) Бірыңғай халықаралық құқықтық ортаға енуге мүмкіндік береді. Ал ол экспорттаушылар және импорттаушылар үшін тұрақты қызмет шарттарны орнатады. ДСҰ-на мүше елдердің сыртқы экономикалық саясаты және мақсаттары жөнінде оперативті ақпарат алуға мүмкіндік береді, яғни ол тиімдірек сауда және экономикалық саясатты жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстанның алдағы Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруінің қандай жағымды салдары болса, сондай жағымсыздық та салдары бар:

1) Қазіргі таңда Қазақстанның экспортында басты орынды мұнай, қара және түсті металл және т.б. алады. Бүгінгі таңда Қазақстан көбіне шикізатты экономикасы дамыған елдерге экспорттайды, айырбасқа қайта өңделетін саланың өнімдерін үстеме қосылған құнымен алады. Мәселе – өңдеуші өнеркәсіп саласында туындайды. Ең бастысы – осы саланың және кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі;

- 2) ДСҰ –ң міндеттері отандық өндірістің және жергілікті бизнестің дамуына белгілі бір шектеу қояды. Бюджетпен қаржыландырылып отырған ауыл шаруашылық бағдарламалары, шағын бизнес бағдарламалары мемлекеттік субсидиядан айырылады;
- 3) Қазақстанның ДСҰ –ға кіруі ауыл шаруашылық және азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндіру мүмкін. Қазірден ауыл шаруашылық саясатын күшейту керек, себебі оның дамуы мемлекеттік жыл сайынғы субсидияларға да қарамай төмен болып отыр.
- 4) Сауданы либерализациялау нәтижесінде қоршаған ортаға жағымсыз әсерлері де болады: табиғи ресурстардың азаюы, жергілікті биологиялық түрлерді мөлшерден тыс пайдалану, технологиялық ластанудың және үлкен мөлшерде өндірістік қалдықтардың жиналуы;
- 5) Келіссөз объектісі болып табылмаса да, кері әлеуметтік жағдайлардың қосылуы, олардың көбеюі көп елдерде әлемдік шаруашылығы бәсекеге қабілетінің өсуі салдарынан жеке ұлттық фирмалардың нарықтан ығыстырылуы, яғни жұмысбастылықтың қысқаруы.
- 6) Біз бәсекеге қабілетті секторға бастауыш өнімдерді қайта өңдеу және табиғи ресурстарды шығару саласында ғана иеміз. Ал басқа салалар бәсекеге қабілетті емес, әсіресе ауыл шаруашылық және жеңіл өнеркәсіп саласы. Қазақстан ДСҰ-на кірсе, шетелдіктерге ішкі нарықтың ашылуына мүмкіндік береді, нәтижесінде еліміз ішкі нарықты қорғайтын маңызды тетіктер: квота және лицензиялаудан айырылып қалады.

ДСҰ-ғы жағымсыз жақтары экономиканың жаһандануының кері әсерімен түсіндіріледі. Қазақстанның ДСҰ-на кірудегі мүмкін болатын ұтылулар мен кері әсерлеріне қарамастан, Қазақстан ұзақ мерзімді перспективадан, өз экспортының кеңейіп және құрылымының өзгеруі арқылы үстеме бағадан тауар үлесінің жоғарылайтынын ұмытпауымыз керек.

Қазақстанның ДСҰ-на кіруі көпжақты сауда жүйесінің толық құқылы мүшесі ретінде еліміздің заңнамасын қазіргі халықаралық деңгейге дейін көтеріп, әлемдік бірлестікте интеграцияланудың ажырамас қадамы болады. Алдымызда көптеген перспективалар ашылатын болады, яғни ДСҰ-на кіру – Қазақстанның әлемдік экономикаға интеграциялану құралы болып табылады. ДСҰ-на мүше болғаннан кейін Қазақстан өз өнімдерін сыртқы нарыққа ешқандай салықсыз шығаруға толық құқылы болады. Экономиканың дамуында ешқандай сауда кедергілері болмайтын болады. Сонымен қатар, ұйымға мүше елдер мен Қазақстан арасында достық қатынас дамитын болады. Технологиясы жоғары және орташа өндіріс саласы тез дамитын болады. Импорттық тауарлар мен қызметтердің құны кедендік тарифтердің азаюы мен импорт қойылымынан төмендейді. Тұтынушы үшін бәсекелестік жоғарылайды, нәтижесінде тауарлар мен қызметтер сапасы жақсарады. Осының негізінде шығарылатын тауарлардың тұтыну сапасының жақсаруы салдарынан өндіруші пайдаға ие болады және бұл тауарларға сұраныс ішкі нарықта да, сыртқа нарықта да артады. Экономиканың өсуі нәтижесінде еліміздегі өмір сүру деңгейі жоғарылайды, жұмыссыздық қысқарады, сәйкесінше елдегі жұмысбастылық көбейеді.

ҚР Президентінің 2050 жылға дейін қабылдаған даму бағдарламасында айтылған сөздерінен, жылға қарай өндірістік қайта өңдеу саласы пайдалы қазба саласынан артатынын толық сеніммен айтуға болады. Яғни, біз шетел өндірушілерімен еркін бәсекелестік орнатып, әлем бойынша сауда айналымын кедергісіз жүргізуге мүмкіндік аламыз. Әрине, бұл Қазақстанның экономикасына оң әсерін тигізеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ел халқына арнаған өткен жылғы жолдауында: «2013 жылы Қазақстанның ДСҰ-ға өтуі туралы келіссөздер аяқталуы тиіс. Бұл біздің экономикамыздың инвестициялық тартымдылығын айтарлықтай жоғарылатады», – деп атап өткен еді[5].

Бір анығы, еліміз тарапынан Дүниежүзілік сауда ұйымына өтуге қатысты келіссөздердің болып келе жатқанына бірнеше жылдың жүзі болды. Қорыта келгенде, еліміздің осы халықаралық экономикалық ұйымға енуі Қазақстанның дүниежүзілік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін нығайту үшін кең мүмкіндіктер ашатынына сенімдімін. Дегенмен осы мүмкіндіктерді ұтымды әрі тиімді пайдалану білу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сарыарқа Самалы, Павлодар облыстық газеті «ДСҰ: ұтарымыз һәм ұтыларымыз қайсы?» 25.06.2015.
2. <http://kaznews.kaztrk.kz> «ДСҰ-ға мүше болу – Қазақстанның жеңісі». 22.11.2015
3. ДСҰ: жаңа мүмкіндіктер көкжиегі// Егемен Қазақстан. 02.12.2015. №9163
4. ДСҰ - Қазақстан экономикасы үшін бәсекелестіктің жаңа сатысы// Алаш айнасы. 17.07.2015. №71585
5. <http://www.akorda.kz/ru>

УДК 349.222.2

УСЛОВИЕ О НЕКОНКУРЕНЦИИ – НОВЕЛЛА ТРУДОВОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Жулгалиева Мадина Нурланкызы

madina.zhulgalieva@gmail.com

Студентка 3 курса юридического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Д.Б. Толеуханова

Одно из важнейших условий, без которого право не может быть эффективным инструментом реализации общественных отношений в государстве – это соответствие законов современным реалиям. Те нормативные установки, которые не охватывают всех аспектов взаимодействия субъектов права в определенной сфере, не будут работать на практике хотя бы потому, что не предусматривают всех ситуаций, которые могут сложиться в ходе развития этих отношений.

Иначе говоря, для того, чтобы законы соблюдались и способствовали при этом развитию общественных отношений, любое значительное изменение экономической, политической или социальной ситуации в стране требует усовершенствования тех основ, которые законодательно их регулируют. Именно поэтому в рамках определенного президентом Н. А. Назарбаевым в 2015 году Плана нации – “100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ”, в настоящее время совершенствуется законодательство Республики Казахстан.

Так, в соответствии с 83 шагом, предусматривающим либерализацию трудовых отношений, с 1 января 2016 года вступил в силу новый Трудовой Кодекс. Кроме того, вступление Казахстана в Всемирную Торговую Организацию и Евразийский Экономический союз предполагают приведение внутреннего законодательства в соответствие с более высокими стандартами в контексте развития свободы движения товаров, капитала, услуг и рабочей силы [1].

Одной из таких новелл Трудового Кодекса РК является условие о неконкуренции. И если для казахстанского права это, безусловно, новелла, то в законодательствах зарубежных государств, таких как Великобритания, Франция, США, Италия, Бельгия, подобная практика уже довольно давно и успешно существует.

Внедрение условия о неконкуренции в Трудовой Кодекс РК можно назвать правовой интеграцией, имплементацией или рецепцией, а также другими схожими по значению терминами, отражающими процесс сближения правовых систем, однако в контексте данной работы уяснение смысла и содержания указанной новеллы представляется более важным, чем теоретическое разграничение этих понятий.

В Трудовом Кодексе РК условие о неконкуренции закреплено в небольшой по объему статье 29, в соответствии с которой по соглашению сторон между работодателем и работником может заключаться договор о неконкуренции, которым предусматривается обязательство работника не осуществлять действий, способных нанести ущерб работодателю. Буквальное толкование данной правовой конструкции позволяет сделать